

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Индонезия Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қыркүйектегі № 720 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Индонезия Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімнің жобасы мақұлдандын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Индонезия Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 720 қаулысымен
мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Индонезия Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Индонезия Республикасының Үкіметі Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім жасасуға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

Келісім қолданылатын тұлғалар

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Келісім қолданылатын салықтар

1. Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын табысқа салынатын салықтарға оларды алу әдісіне қарамастан қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, сондай-ақ кәсіпорындар төлейтін қызметақының немесе жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жекелеген элементтерінен алынатын салықтардың барлық түрі табысқа салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Осы Келісім қолданылатын, алынып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

а) Қазақстанда:

(i) корпоративтік табыс салығы;

(ii) жеке табыс салығы;

(бұдан әрі "Қазақстан салығы" деп аталатын);

б) Индонезия Республикасында:

табыс салығы

(бұдан әрі "Индонезия салығы" деп аталатын).

4. Келісімге қол қойылған күннен кейін қолданыстағы салықтарға қосымша немесе олардың орнына алынатын кез келген бірдей немесе мәні бойынша ұқсас салықтарға да осы Келісім қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өз мемлекетінің салық заңнамасындағы кез келген елеулі өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

3-бап

Жалпы анықтамалар

1. Егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) (i) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада пайдаланылған кезде "Қазақстан" термині өзінің заңнамасына және халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақтарды қамтиды;

(ii) "Индонезия" термині, заңдарда айқындалғандай, Индонезия Республикасының аумағын және оларда Индонезия Республикасы халықаралық құқыққа сәйкес егемен

құқықтарды немесе юрисдикцияны жүзеге асыратын оған жапсарлас аудандарды қамтиды.

b) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды;

c) "компания" термині кез келген корпоративтік құрылымды немесе салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қаралатын кез келген ұйымды білдіреді;

d) "Уағдаласушы Мемлекет" және "екінші Уағдаласушы Мемлекет" терминдері түпмәтінге қарай Қазақстанды немесе Индонезияны білдіреді;

e) "кәсіпорын" термині кез келген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қолданылады;

f) "бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын кәсіпорынды білдіреді;

g) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, тиімді басқару орны Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан кәсіпорын пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен кез келген тасымалды білдіреді;

h) "құзыретті орган" термині:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Индонезияда: Қаржы министрін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді;

i) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекеттің қолданыстағы заңнамасы негізінде осындай мәртебені алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты білдіреді;

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Келісімді кез келген уақытта қолданған кезде онда көзделмеген кез келген термин, егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес сол кезде қандай анықтамаға ие болса, сондай анықтаманы иеленетін болады, бұл ретте осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес терминнің кез келген анықтамасы осы Уағдаласушы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін анықтамадан басым болады.

4-бап

Резидент

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша оның тұрғылықты жері, тіркеу орны немесе инкорпорация жері, резиденттігі, басқару орны немесе осыған ұқсас

сипаттағы кез келген басқа да өлшемшарт негізінде онда салық салуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекетті және кез келген әкімшілік-аумақтық бөлімшені немесе жергілікті билік органын қамтиды. Алайда, бұл термин осы Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа немесе онда орналасқан капиталға қатысты ғана осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі мынадай түрде айқындалады:

а) ол өзінің иелігінде тұрақты тұрғынжайы орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі; егер оның иелігінде Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты тұрғынжайы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

б) егер өмірлік мүдделер орталығы бар Уағдаласушы Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің бірде біреуінде өзінің иелігінде тұрақты тұрғынжайы болмаса, ол әдетте өзі тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

с) егер ол, әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрып жатқан болса немесе олардың ешқайсысында да тұрмаса, ол ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

д) егер жеке тұлғаның резиденттік мәртебесін осы тармақтың а), б) және с) тармақшаларының ережелеріне сәйкес айқындау мүмкін болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, ол өзінің тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда:

- а) басқару орнын;
- б) филиалды;
- с) офисті;
- д) фабриканы;
- е) шеберхананы;
- ф) сауда нүктесі ретінде пайдаланылатын қойманы немесе орынжайды;

f) ферманы, плантацияны немесе орман шаруашылығын;

h) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымасын, карьерді, қондырғыны, құрылысжайды (бұрғылау қондырғысын немесе теңіз кемесін қоса алғанда) немесе табиғи ресурстарды барлайтын немесе өндіретін басқа да кез келген орынды, сондай-ақ осыған байланысты қадағалау қызметтерін көрсетуді қамтиды.

3. "Тұрақты мекеме" термині сондай-ақ:

a) құрылыс алаңын немесе құрылыс, монтаждау немесе құрастыру жобасын немесе оларға байланысты көрсетілетін қадағалау қызметтерін қамтиды, бірақ егер осындай алаң, жоба немесе қызмет 6 айдан асатын кезең шегінде жалғасады;

b) егер осындай сипаттағы қызмет Уағдаласушы Мемлекет шегінде кез келген 12 айлық кезең шегінде алты айдан астам кезең немесе кезеңдер ішінде жалғасса (осындай немесе соған байланысты жоба үшін), консультациялық қызметтер көрсетуді қоса алғанда, қызметшілер немесе осындай мақсаттар үшін кәсіпорын жалдаған басқа персонал арқылы кәсіпорындардың қызметтер көрсетуін қамтиды.

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, "тұрақты мекеме" термині:

a) құрылысжайлардың кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету мақсаттары үшін ғана пайдаланылуын;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау немесе көрсету мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек қана басқа кәсіпорынның қайта өңдеу мақсаттары үшін күтіп-ұстауды;

d) тұрақты қызмет орнын тек қана тауарларды немесе бұйымдарды сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпаратты жинау үшін күтіп-ұстауды;

e) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;

f) осы тармақтың a) - e) тармақшаларында ескертілген осындай қызметтің немесе f) тармақшасы жағдайында тұрақты қызмет орнының жиынтық қызметінің дайындық немесе көмекші сипаты болған жағдайда, тек қана a) - e) тармақшаларында ескертілген қызмет түрлерінің кез келген комбинациясын жүзеге асыру үшін тұрақты қызмет орнын күтіп-ұстауды қамтымайды.

5. 4-тармақ, егер сол бір кәсіпорын немесе тығыз байланысты кәсіпорын сол бір жерде немесе сол бір Уағдаласушы Мемлекетте басқа жерде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және

a) осы баптың ережелеріне сәйкес осы жер немесе басқа жер кәсіпорын немесе онымен тығыз байланысты кәсіпорындар үшін тұрақты мекемені білдірсе, немесе

b) екі кәсіпорын сол бір жерде немесе сол бір кәсіпорын немесе тығыз байланысты кәсіпорындар екі жерде жүзеге асыратын қызметтер комбинациясының нәтижесінде алынған жиынтық қызметтің дайындық немесе көмекші сипаты болмаса, екі кәсіпорын сол бір жерде немесе сол бір кәсіпорын немесе тығыз байланысты кәсіпорындар екі

жерде жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызмет біртұтас бизнес-операцияның бір бөлігі болып табылатын өзара толықтырушы функцияларды білдірген жағдайда, кәсіпорын пайдаланатын немесе күтіп-ұстайтын кәсіпкерлік қызметтің тұрақты орнына қолданылмайды.

6. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер оған осы баптың 7-тармағы қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны атынан Уағдаласушы Мемлекетте қызметін жүзеге асырса, егер мұндай тұлға:

а) Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан әрекет етсе және, осылайша, әдетте шарттар жасасса немесе, әдетте кәсіпорын тарапынан елеулі өзгерістерсіз жасалатын келісімшарттарды жасасуда басты рөл атқарса және осы келісімшарттар:

(i) кәсіпорын атынан, немесе

(ii) мүлікке меншік құқығын беру үшін немесе осы кәсіпорынға тиесілі немесе кәсіпорынның пайдалануға құқығы бар мүлікті пайдалану құқығын беру үшін, немесе

(iii) осы кәсіпорынның қызметтер көрсетуі үшін жасалса,

егер осындай тұлғаның қызметі тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асыру кезінде бұл тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты қызмет орнына айналдырмайтын, 4-тармақта ескерілген қызметпен шектелмесе ғана, немесе

б) осындай өкілеттіктері болмаса, бірақ, әдетте бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте тауарлар немесе бұйымдар қорларын қамтыса, бұлардан ол осы кәсіпорын атынан тауарларды немесе бұйымдарды тұрақты түрде жеткізіп тұрса; немесе

с) осы Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын үшін кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды шығарса немесе өндесе, мұндай кәсіпорын осындай тұлға кәсіпорын үшін қолданатын қызметке қатысты бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады.

7. Егер екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны атынан Уағдаласушы Мемлекетте әрекет ететін тұлға тәуелсіз агент ретінде бірінші аталған Уағдаласушы мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және өзінің әдеттегі қызметі шеңберінде кәсіпорын үшін әрекет етсе, осы баптың 6-тармағы қолданылмайды. Егер, алайда, тұлға өзі тығыз байланыстағы тек бір немесе одан да көп кәсіпорындар атынан ғана немесе тек соның атынан ғана дерлік әрекет етсе, бұл тұлға кез келген осындай кәсіпорынға қатысты осы тармақтың түсінігінде тәуелсіз агент деп саналуға тиіс емес.

8. Осы баптың мақсаттары үшін тұлға, егер барлық тиісті фактілер мен мән-жайлар негізінде бірінің үстінен екіншісі бақылау жасайтын болса немесе екеуі де сол тұлғалардың немесе кәсіпорындардың бақылауында болса, кәсіпорынмен тығыз байланысты тұлға болып табылады. Кез келген жағдайда, егер біреуі екіншісінде бенефициарлық қатысу үлесінің 50 проценттен астамын (немесе компания жағдайында жиынтық дауыс берудің және компания акциялары құнының немесе компания капиталындағы бенефициарлық қатысу үлесінің 50 проценттен астамын) тікелей

немесе жанама түрде иеленсе немесе егер екінші тұлға тікелей немесе жанама түрде тұлғада және кәсіпорында бенефициарлық қатысу үлесінің 50 проценттен астамын (немесе компания жағдайында жиынтық дауыс берудің және компания акциялары құнының немесе компаниядағы бенефициарлық қатысу үлесінің 50 проценттен астамын) иеленсе, тұлға кәсіпорынмен тығыз байланысты деп қарастырылуға тиіс.

9. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің сақтандыру ұйымы қайта сақтандыруды қоспағанда, егер ол екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында жарна жинаумен айналысса немесе сонда туындаған тәуекелдерді, осы баптың 7-тармағының ережелері қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға арқылы сақтандырса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп есептеледі.

10. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылау немесе оның бақылауында болу немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті (не тұрақты мекеме арқылы не өзгеше түрде) жүзеге асыру фактісі осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне өздігінен айналдырмайды.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысқа (ауыл немесе орман шаруашылығынан алынатын табысты қоса алғанда) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша айқындалады. Мұндай термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне және жылжымайтын мүлікке қатысты заңнаманың ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералды шикізат кен орнын, көздерді және басқа да табиғи ресурстарды игеру немесе оларды игеру құқығы үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге құқықтарды қамтиды; теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қаралмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаса ғана, осы кәсіпорынның пайдасына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда айтылғандай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда кәсіпорынның пайдасына екінші Уағдаласушы Мемлекетте, бірақ:

а) осындай тұрақты мекемеге;

б) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте осындай тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға ұқсас немесе бірдей тауарлардың немесе бұйымдардың сатылымына; немесе

с) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын, өз сипаты бойынша осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке ұқсас немесе бірдей басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігіне ғана салық салынуы мүмкін

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте, егер ол оқшауланған және жеке кәсіпорын болып, осындай немесе ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе ұқсас қызметпен айналысып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасағанда алуы ықтимал пайда осындай тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде олардың тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, басқару және жалпыәкімшілік шығыстарды қоса алғанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге жол беріледі. Алайда, мұндай шегерімге патенттерді немесе басқа да құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, қаламақы немесе басқа да ұқсас төлемдер арқылы немесе нақты қызметтер көрсеткені үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық төлемдер жасау арқылы немесе банк мекемелерінің жағдайларын қоспағанда, тұрақты мекеменің ақша қаражаты қарыздары үшін проценттер төлеу арқылы тұрақты мекеме кәсіпорынның бас офисіне немесе оның басқа да офистерінің кез келгеніне төлеген сомаларына қатысты (іс жүзіндегі шығыстарды өтеуден өзге) рұқсат етілмейді. Сондай-ақ тұрақты мекеменің пайдасын айқындаған кезде кәсіпорынның бас офисіне немесе оның кез келген басқа да бөлімшелеріне патенттерді немесе басқа да құқықтарды пайдаланғаны үшін төлем жасайтын роялти, гонорар немесе басқа да ұқсас төлемдер түрінде немесе көрсетілген қызметтер үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық төлемдер түрінде немесе банк мекемелері жағдайларынан басқа, кәсіпорынның бас офисіне немесе оның басқа

бөлімшелерінің кез келгеніне қарызға берілетін ақшалай сомалардың проценттерді түрінде тұрақты мекеме есептейтін (іс жүзіндегі шығыстарды өтеуден өзге) сомалар есепке алынбайды.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы кәсіпорын пайдасының жалпы сомасын оның әртүрлі бөлімшелері арасында барабар бөлу негізінде айқындау әдеттегі практика болып табылса, онда осы баптың 2-тармағында ешнәрсе де осы Уағдаласушы Мемлекетке салық салынатын пайданы әдеттегі практиканы негізге ала отырып осылайша бөлу арқылы айқындауға тыйым салмайды, алайда бөлудің таңдап алынған әдісі осы бапта қамтылған қағидаттарға сәйкес келетін нәтижелер беруге тиіс.

5. Егер қолжетімді немесе Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органындағы ақпарат тұрақты мекеменің пайдасын айқындау үшін жеткіліксіз болып табылса, пайданы айқындау осы баптың қағидаттарына сәйкес болған жағдайда, пайда осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес есептелуі мүмкін.

6. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алуының негізінде ғана қандай да бір пайда осы тұрақты мекемеге қатысты болмайды.

7. Осы баптың алдыңғы тармақтарының мақсаттары үшін тұрақты мекемеге қатысты пайда, егер осындай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, жыл сайын сол бір әдіспен айқындалады.

8. Егер пайда осы Келісімнің басқа да баптарында жеке айтылатын табыстардың түрлерін қамтыса, онда мұндай баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

8-бап

Халықаралық тасымалдаудан түсетін пайда

1. Теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан түсетін пайдаға кәсіпорынды тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Егер кәсіпорынның тиімді басқару орны теңіз кемесінің бортында орналасқан болса, онда ол теңіз кемесін тізімге алу порты тұрған Уағдаласушы Мемлекетте немесе осындай тізімге алу порты болмаса, теңіз кемесін пайдаланушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан болып есептеледі.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері пулға, бірлескен кәсіпкерлік қызметке немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудан түсетін пайдаға да қолданылады.

9-бап

Қауымдасқан кәсіпорындар

1. Егер:

а) бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) сол бір тұлғалар бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе олардың капиталдарына тікелей немесе жанама түрде қатысса,

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе белгіленсе, онда кәсіпорындардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осындай жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда мұндай кәсіпорынның пайдасына қосылуы және тиісінше оған салық салынуы мүмкін.

2. Егер бір Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынған пайдасын осы Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосса әрі тиісінше оған салық салса және осылайша қосылған пайда алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетін пайда болса, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара шарттар тәуелсіз кәсіпорындар арасындағы шарттардай болса, онда осы екінші Уағдаласушы Мемлекет осындай пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзету жасайды. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа да ережелері ескерілуге тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған кезде бір-бірімен консультация жүргізіп отыруға тиіс.

10-бап

Дивидендтер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда резиденті дивидендтер төлейтін компания болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес осындай дивидендтерге де салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық:

а) егер іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания капиталының кемінде 25 процентіне тікелей иелік ететін компания (әріптестіктен өзге) болып табылса, дивидендтердің жалпы сомасының 10 процентінен;

б) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспауға тиіс.

Осы тармақтың ережелері дивидендтер төленетін компанияның пайдасына салық салуды қозғамайды.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта қолданылған кезде акциялардан немесе борыштық талаптар болып табылмайтын, пайдаға қатысуға мүмкіндік беретін басқа да құқықтардан түсетін табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан түсетін табыс сияқты салықтық реттеуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан түсетін табысты білдіреді.

4. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компанияның резиденті болып табылатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы мемлекетте онда орналасқан тұрақты базасы тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты дивидендтер төленетін қатысу шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алатын болса, онда осы екінші Уағдаласушы Мемлекет осындай компания төлейтін дивидендтерден осындай дивидендтер осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен шын мәнінде байланысты болатын жағдайларды қоспағанда, кез келген салықты ала алмайды және егер төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда толығымен немесе ішінара осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте туындаған пайдадан немесе табыстан құралса да, компанияның бөлінбеген пайдасынан бөлінбеген пайда салығы алынбайды.

6. Келісімнің кез келген ережелеріне қарамастан, егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі болса, тұрақты мекеменің пайдасына осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте оның заңнамасына сәйкес қосымша салық салынады, бірақ осылайша есептелген қосымша салық одан табыс салығын және осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте алынатын табыстарға салынатын басқа да салықтарды шегергеннен кейін осындай пайданың жалпы сомасының 10 процентінен аспайды.

7. Салық мөлшерлемесі осы баптың 6-тармағының ережесіне сәйкес мұнай және газ секторына жататын өнімді бөлу туралы кез келген келісімшарттарда, басқа өндіру секторлары бойынша жұмыстарға арналған келісімшарттарда, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын тұлғасы бар оның кез келген басқа құрылымымен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған кез келген басқа келісімшарттарға жататын өнімді бөлу туралы кез келген келісімшарттарда қамтылған ережелерді қозғамайды.

11-бап

Проценттер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ , егер проценттердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 проценттерінен аспауға тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын, Уағдаласушы Мемлекеттердің Үкіметтері арасында мезгіл-мезгіл келісілуі мүмкін проценттер, егер екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшесі немесе жергілікті билік органы, Орталық банк (Қазақстан жағдайында: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, Индонезия жағдайында: Индонезия банкі) немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне толықтай жататын кез келген басқа қаржы институты осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

4. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышкердің пайдаға қатысу құқығын беретін немесе бермейтін борыштық талаптардың кез келген түрінен алынатын табысты және, атап айтқанда, үкіметтік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осындай бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйлықақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді.

5. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің іс жүзіндегі иесі проценттер пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базасы бар тәуелсіз жеке қызметтерді көрсетсе және өзіне қатысты проценттер төленетін борыштық талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға жататын болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер проценттерді төлейтін тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, проценттерді төлеу жөніндегі міндеттеме туындайтын Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты

базасы болса, және осындай проценттер бойынша шығыстарды тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтеретін болса, онда мұндай проценттер осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

7. Егер төлеуші мен іс жүзіндегі иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен төленуге негіз болатын борыштық талапқа қатысты проценттер сомасы осындай қатынастар болмаған кезде төлеуші мен іс жүзіндегі иесі арасында келісілуі мүмкін сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы көрсетілген сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемдердің артық бөлігі осы Келісімнің басқа ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салуға жатады.

12-бап

Роялти

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, осындай роялтиге де, ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер роялтидің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде радио немесе теле хабарлар үшін пайдаланылатын кинематографиялық фильмдерді, магниттік жазбаларды, кез келген патентті, сауда таңбасын, дизайнды немесе модельді, жоспарды, құпия формуланы немесе процесті қоса алғанда, әдебиет, өнер туындыларына немесе ғылыми жұмыстарға, бағдарламалық қамтылымға кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе пайдалануға бергені үшін сыйақы ретінде алынған төлемдердің кез келген түрін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін төлемдерді білдіреді.

4. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің іс жүзіндегі иесі роялти туындайтын екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және оған қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлейтін

тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, роялти төлеу жөніндегі міндеттеме туындайтын Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай роялти бойынша шығыстарды тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтеретін болса, онда осындай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер төлеуші мен іс жүзіндегі иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен төленуге негіз болатын пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялти сомасы осындай қатынастар болмаған кезде төлеуші мен іс жүзіндегі иесі арасында келісілуі мүмкін сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы көрсетілген сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемдердің артық бөлігі осы Келісімнің басқа ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салуға жатады.

13-бап

Мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Келісімнің 6-бабында айқындалған және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алатын табыстарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекемені (жеке немесе кәсіпорынмен бірлесіп) немесе осындай тұрақты базаны иеліктен шығарудан алынған табыстарды қоса алғанда, тәуелсіз жеке қызметтерді көрсету мақсаттары үшін осындай тұрақты мекемені кәсіпкерлік мүліктің бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті немесе басқа Уағдаласушы Мемлекетте Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне қолжетімді тұрақты базаның жылжымалы мүлкін иеліктен шығарудан алынатын табыстарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе осындай теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланумен байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға кәсіпорынды тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен өз құнының 50 процентінен астамын тікелей немесе жанама түрде алатын компания капиталындағы акцияларды немесе оларға теңестірілген қатысу үлестерін иеліктен шығарудан алған табыстарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. Осы баптың алдыңғы тармақтарында көзделгендерден өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табыстарға мүлікті иеліктен шығаратын тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

14-бап

Тәуелсіз жеке көрсетілетін қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіби көрсетілетін қызметтерге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметке қатысты алған табысына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана, егер ол өз қызметін жүзеге асыру мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте оның иелігіндегі тұрақты базаға иелік етпесе немесе кез келген 12 айлық кезең ішінде жалпы алғанда 183 күннен асатын кезең немесе кезеңдер ішінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте болса ғана, салық салынады. Егер оның осындай тұрақты базасы болса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте көрсетілген кезеңде немесе кезеңдер ішінде болса, табысқа осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте, бірақ осы тұрақты базаға жататын немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте көрсетілген кезеңде немесе кезеңдерде алынған бөлігінде ғана салық салынады.

2. "Кәсіби көрсетілетін қызметтер" термині, әсіресе, тәуелсіз ғылыми, әдеби, әртістік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, инженерлердің, заңгерлердің, стоматологтардың, сәулетшілердің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметін қамтиды.

15-бап

Тәуелді жеке көрсетілетін қызметтер

1. Осы Келісімнің 16, 18, 19 және 20-баптарының ережелерін ескере отырып, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдамалы жұмысқа байланысты алған қызметақысына, жалақысына және басқа да ұқсас сыйақысына, егер жалдамалы жұмыс екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса ғана, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша орындалса, осыған байланысты алынған сыйақыға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалдамалы жұмысқа байланысты алған сыйақысына салық, егер:

а) алушы тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиынтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте болса; және

б) сыйақыны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жұмыс беруші төлесе немесе жұмыс берушінің атынан төленсе; және

с) сыйақы төлеу жөніндегі шығыстарды жұмыс берушінің екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы көтермесе, алғашқы айтылған Уағдаласушы Мемлекетте ғана салынады.

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында орындалатын жалдамалы жұмыспен байланысты алынған сыйақыға кәсіпорынды тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап

Директорлардың гонорарлары

1. Директорлардың гонорарларына және бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті директорлар кеңесінің немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын басқа ұқсас компания органының мүшесі ретінде алған басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның жоғары басшы лауазымын атқаратын лауазымды адам ретінде алатын қызметақысына, жалақысына және басқа да осыған ұқсас сыйақыларына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Әртістер мен спортшылар

1. Осы Келісімнің 14 және 15-баптарының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе телевизия әртісі немесе музыкант сияқты өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері немесе спортшы осы тұрғыдан жүзеге асыратын жеке қызметінен алатын табысына өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа адамға есептелсе, онда бұл табысқа осы Келісімнің 7, 14 және 15-баптарының ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметтен алынған табыс Уағдаласушы Мемлекеттер арасындағы мәдени келісімге немесе уағдаластыққа сәйкес, қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте, егер осы Уағдаласушы Мемлекетке оның келуін толық немесе айтарлықтай дәрежеде бір немесе екі Уағдаласушы Мемлекеттің қорларынан әкімшілік-аумақтық бөлімше, жергілікті билік органы немесе қоғамдық мекеме қаржыландырса, салық салудан босатылады.

18-бап

Зейнетақылар мен аннуитеттер

1. Осы Келісімнің 19-бабы 2-тармағының ережелері ескеріле отырып, бұрын екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылған жалдамалы жұмыс үшін осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден туындайтын бір Уағдаласушы Мемлекеттің

резидентіне төленетін зейнетақылар мен басқа да ұқсас сыйақыға және мұндай көздерден осындай резидентке төленетін аннуитетке осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Аннуитет" термині ақшалай немесе құндық мәнде жеткілікті және толық өтеудің орнына мұндай төлемдерді жүргізу міндеттемесіне сәйкес өмір бойы белгіленген уақытта не белгілі бір немесе белгіленген уақыт кезеңі ішінде мерзімді төлеуге жататын белгіленген соманы білдіреді.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары үшін жүзеге асыратын қызметі үшін төлейтін қызметақысына, жалақысына және басқа да ұқсас сыйақысына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, мұндай қызметақыға, жалақыға және басқа да ұқсас сыйақыға, егер қызмет екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылса және осындай екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

(і) осындай екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылса; немесе

ii) осындай қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осындай екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болмаса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады

2. а) Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары құрған қорлардан жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары үшін жүзеге асырған қызметі үшін төлейтін зейнетақысына және басқа да ұқсас сыйақысына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, мұндай зейнетақыларға және басқа да ұқсас сыйақыға, егер жеке тұлға екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті және ұлттық тұлғасы болып табылса, осындай екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Келісімнің 15, 16, 17 және 18-баптарының ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік-аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметпен байланысты қызметке қатысты қызметақыға, жалақыға, зейнетақыға және басқа да ұқсас сыйақыға қолданылады.

20-бап

Оқытушылар және зерттеушілер

Бір Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келуге дейін екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекет Үкіметінің немесе университетінің, колледжінің, мектебінің, музейінің немесе басқа мәдениет мекемелерінің шақыруы бойынша бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекетте немесе мәдени алмасудың ресми бағдарламасы бойынша осы Уағдаласушы Мемлекетте кейінгі екі жылдан аспайтын кезеңде, тек қана осындай мекемелерде оқыту, дәріс оқу немесе зерттеулер жүргізу мақсатында болатын жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекетте осындай қызметі үшін оның сыйақысына қатысты, осындай сыйақы осы Уағдаласушы Мемлекеттің шегінен тыс жердегі көздерден төленген жағдайда салық салудан босатылады.

21-бап

Студенттер мен тағылымдамадан өтушілер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келгенге дейін екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекетте білім алу, тағылымдамадан өту мақсатында ғана болатын студент немесе тағылымдамадан өтуші өзін-өзі қамтамасыз ету, білім алу, тағылымдамадан өту мақсатында алатын төлемдерге осындай төлемдер осы Уағдаласушы Мемлекеттің шегінен тыс жерлердегі көздерден жүргізілетін жағдайда осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Гранттарға, стипендияларға және басқа ұқсас сыйақыға және осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген жалдамалы жұмыстан алатын сыйақыға осы баптың 1-тармағында көрсетілген студенттің немесе тағылымдамадан өтушінің осындай білім алуы, тағылымдамадан өтуі кезінде өзі болатын Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне берілетін салықтарға қатысты дәл сондай босатуларға, жеңілдіктерге немесе төмендетулерге құқығы бар.

2 2 - б а п

Басқа да табыстар

1. Туындау көзіне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Келісімнің алдыңғы баптарында көзделмеген табыстарының түрлеріне осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы Келісімнің 6-бабының 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табысқа, егер мұндай табысты алушы бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола тұра, екінші Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және табыстың төленуі жүргізілген құқық немесе мүлік осындай тұрақты

мекемемен немесе тұрақты базамен іс жүзінде байланысты болса, осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға байланысты осы Келісімнің 7 немесе 14-баптарының ережелері қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, осы Келісімнің алдыңғы баптарында көзделмеген және екінші Уағдаласушы Мемлекетте туындаған Уағдаласушы Мемлекет резидентінің табыстар түрлеріне осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

23-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табысты алса, бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекет осындай резиденттің табысына салынатын салықтан осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте төленген табыс салығына тең соманы шегеруге рұқсат береді.

Осындай шегерім кез келген жағдайда мән-жайларға байланысты осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табысқа жататын шегерім берілгенге дейін есептелген табысқа салынатын салық сомасынан аспауға тиіс.

2. Егер Келісімнің кез келген ережесіне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алатын табысы осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылса, осындай Уағдаласушы Мемлекет дегенмен де осындай резидент табысының қалған бөлігіне салынатын салық сомасын есептеу кезінде босатылған табысты есепке алуы мүмкін.

24-бап

Кемсітпеу

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары екінші Уағдаласушы Мемлекетте дәл сондай мән-жайларда, атап айтқанда, резиденттікке қатысты осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе сонымен байланысты міндеттемелерден өзге болатын немесе одан әрі көп ауыртпалық түсіретін кез келген салық салуға немесе сонымен байланысты кез келген міндеттемеге ұшырамайды.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ адамдар Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында дәл сондай мән-жайларда, атап айтқанда резиденттікке қатысты тиісті Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және онымен байланысты міндеттемелерден өзге болатын немесе көбірек ауыртпалық түсіретін кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемеге ұшырамайды.

3. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі кәсіпорнының тұрақты мекемесіне салық салу осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің осыған ұқсас қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарына салынатын салыққа қарағанда, осы екінші

Уағдаласушы Мемлекетте қолайлылығы кем болмауға тиіс. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне олардың азаматтық мәртебесі немесе отбасы жағдайы негізінде салық салу мақсаттары үшін ол өзінің резиденттеріне беретін кез келген жеке рұқсаттар, жеңілдіктер мен төмендетулер беруге міндеттейтіндей болып түсіндірілуі мүмкін емес.

4. Осы Келісімнің 9-бабы 1-тармағының, 11-бабы 7-тармағының немесе 12-бабы 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне жүргізетін проценттер, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаттары үшін бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетіндей дәл сондай шарттармен шегерімге жатқызылады. Осыған ұқсас бір Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне кез келген берешегі осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсаттары үшін бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін берешек сияқты дәл сондай шарттармен шегерімге жатқызылады.

5. Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей немесе жанама түрде бақылауында болатын бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары осы Уағдаласушы Мемлекетте бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің осыған ұқсас басқа кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан немесе онымен байланысты міндеттемелерден өзге немесе көбірек ауыртпалық түсіретін кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемеге ұшырамайды.

6. Осы баптың ережелері осы Келісімде көрсетілген салықтарға қолданылады.

25-бап

Өзара келісу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де әрекеттері өзіне қатысты осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға алып келуде немесе алып келеді деп есептесе, ол осы Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына немесе егер оның ісі осы Келісімнің 24-бабы 1-тармағының қолданысына түссе, онда өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына өз ісін бере алады. Өтініш осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғатын әрекеттер туралы алғашқы хабарланған кезден бастап үш жыл ішінде ұсынылуға тиіс.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы, егер ол мұндай өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің

құзыретті органымен өзара келісу бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген келісу Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген уақыттағы кез келген шектеулерге қарамастан орындалады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмәнді өзара келісу бойынша шешуге ұмтылады. Олар осы Келісімде көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-бірімен консультация да жүргізе алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары бір-бірімен, оның ішінде осы баптың алдыңғы тармақтарына сәйкес келісімге қол жеткізу мақсатында олардың өздерінен және олардың өкілдерінен тұратын бірлескен комиссиялар арқылы тікелей байланысқа түсе алады. Құзыретті органдар консультациялар арқылы тиісті екіжақты рәсімдерді, шарттарды, әдістерді және осы бапта көзделген өзара келісу рәсімін жүзеге асырудың тетіктерін дамытуы мүмкін.

26-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін орындау немесе әкімшілендіру немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан осы Келісімге қайшы келмейтін мөлшерде салық салу алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты ұлттық заңнаманы қолдану үшін болжалды маңызды болып табылатын ақпаратпен алмасады. Ақпарат алмасу осы Келісімнің 1 және 2-баптарында шектелмейді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы баптың 1-тармағына сәйкес алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпиялы болып есептеледі және осы баптың 1-тармағында айтылған салықтарға қатысты бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе апелляцияларды қараумен және жоғарыда көрсетілгендердің барлығын қадағалаумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана ашылады. Осындай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осындай мақсаттар үшін ғана пайдалана алады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдау кезінде ашуы мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілендіру барысында алуға болмайтын ақпаратты ұсыну;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіби құпияны немесе сауда процесін ашатын ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік

саясатқа (ordre public) қайшы келетін ақпаратты ұсыну міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндіріле алмайды.

4. Егер ақпаратты осы бапқа сәйкес бір Уағдаласушы Мемлекет сұратса, егер осындай ақпарат екінші Уағдаласушы Мемлекетке өзінің жеке салықтық мақсаттары үшін қажет болмаса да, осы екінші Уағдаласушы Мемлекет сұрау салынған ақпаратты жинау жөніндегі шараларды қабылдайды. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме осы баптың 3-тармағының шектеулеріне түседі, бірақ мұндай шектеулер Уағдаласушы Мемлекетке ақпаратқа ішкі мүдделіліктің болмауы себебінен ғана осындай ақпарат ұсынудан бас тартуға рұқсат беретіндей мағынада түсіндіріле алмайды.

5. Осы баптың 3-тармағының ережелері ақпарат иесі банк, басқа қаржы мекемесі, номиналды ұстаушы немесе агент немесе сенім білдірілген өкіл болатын себебінен ғана немесе ақпарат меншік құқығы берілген тұлғаға қатысты болу себебінен ғана Уағдаласушы Мемлекетке ақпарат ұсынудан бас тартуға рұқсат беретіндей мағынада түсіндіріле алмайды.

27-бап

Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлері

Осы Келісімде ешнәрсе де дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормаларында немесе арнайы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

28-бап

Жеңілдіктерді шектеу

1. Осы Келісімнің ережелері Уағдаласушы Мемлекетке өзінің ішкі заңнамасының ережелерін және салық салуды болдырмауға немесе осындай сияқты немесе осындай емес болып сипатталған жалтаруларға қарсы шаралар қолдануға ешқандай тыйым салмайды.

2. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің, егер оның істері басты мақсаты немесе басты мақсаттарының бірі осы Келісімде көзделген пайдаларды алу болып табылатындай жасалса, осы Келісімде көзделген жеңілдіктерге құқығы болмауға тиіс.

3. Жеңілдік осы Келісімге сәйкес екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі табыс көздерінен алынған табыстардың іс жүзіндегі иесі болып табылмайтын тұлғаға қолданылмайды.

29-бап

Күшіне енуі

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Уағдаласушы Мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алынған күні күшіне енеді.

2. Осы Келісім:

а) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін алынған табыстарға төлем көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық салу кезеңі үшін табысқа салынатын басқа да салықтарға қатысты қолданылады.

30-бап

Қолданысын тоқтату

Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және егер Уағдаласушы Мемлекеттердің бірде-бірі күнтізбелік жылдың 30 маусымнан кешіктірмей оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметін дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар етпесе, әрбір кейінгі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұзартылатын болады.

Бұл жағдайда, осы Келісім:

а) қолданысын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін алынған табыс бойынша төлем көзінен ұсталатын салыққа қатысты;

б) қолданысын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық салу кезеңі үшін табысқа салынатын басқа да салықтарға қатысты өз қолданысын тоқтатады.

Осыны куәландыру үшін тиісінше уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

20___ жылғы _____ қазақ, индонезия, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндер арасында алшақтықтар болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Индонезия
Республикасының Үкіметі үшін*